

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ

PhD докторы, қауымдастырылған профессор, «Геофизика және сейсмология» кафедрасының профессоры К.С. Тогизовтың «8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша **Құрманғажина Мәдина Мұхтарбекқызының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынған «Сырымбет кенді алаңындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау» атты диссертациясына**

## ШІКІРІ

Қазақстандағы перспективті алаңдардың бірі Сырымбет кенді алаңындағы сирек металды және сирекжер кенбілінімдері болып табылады, мұнда эндогендік және экзогендік типтегі кенорындар (Сырымбет, Сарыбұлақ, Шок-Қарағай) белгілі. Осы кенорындарды жүйелі және түпкілікті зерттеу эндогендік кенорындар мен кенбілінімдердің өзекті мәселелерін шешуге, ғылыми және практикалық маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Құрманғажина М.М. диссертациялық жұмысы Сырымбет кенді алаңындағы эндогенді сирек металды Сырымбет кенорның жүйелі талдау мен кен бақылаушы факторларын зерттеуге арналған.

Кенді алаңның кенорындары жайлы сантүрлі ақпараттар мен қорлар, әдебиеттер көздерінде және әртүрлі масштабтағы карталарда беріліп сол арқылы біртұтас кен бақылаушы факторларды анықтау, болжамдық іздеу критерийлерін табуға күрделілік туғызады.

Осыған байланысты диссертацияға әлемдік нарықты, геологияны және кенорынның заттық құрамын зерделеу, 3D моделін құру және кен бақылаушы факторларды талдау және олардың негізінде перспективті аудандарды оқшаулау міндеттері қойылды.

Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертант келесі жұмыстарды орындады:

Сырымбет кенорының аумағында 2021-2023 жылдар кезеңінде далалық жұмыстар мен камералдық зерттеулер жүргізу кезінде нақты материалдар жиналды.

Қор және әдеби көздер бойынша талдамалық жұмыстардың деректерімен толықтырылған Сырымбет кенорының геологиялық цифрлық базасы құрылды. Осы негізде кенорының үш өлшемді моделі тұрғызылды.

Зерттеліп отырған кенорынның геоақпараттық жүйесі мен үш өлшемді моделі кен бақылаушы факторлардың жүйелі және кезекті айқындауға мүмкіндік беріп, ғылыми ақпараттық негізін құрайды. Эндогендік

кенорынның болжамдық іздеу критерийлерін жетілдіруге, сирек металды кенденудің перспективті бөлікшелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы кенорынның шегінде және қапталында сирек металды кендеуге перспективалы учаскелерді оқшаулау болып табылады.

Диссертация тақырыбы бойынша 6 баспа жұмыс жарияланды. Оның үшеуі Scopus/Web of Science деректер базасына енгізілген халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда, 2 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы мақалалар және 1 мақала Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың практикалық және ғылыми мәнге ие. Ол қазіргі заманғы аналитикалық және цифрлық ақпараттық технологиялар негізінде, 3D форматында кен бақылаушы факторларды жүйелі зерттеу мен танудың тиімді құралы ретінде жасалған.

**«Сырымбет кенді алаңындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау»** тақырыбындағы диссертация жоғарғы ғылыми техникалық деңгейде орындалып, аяқталған білікті ғылыми жұмыс болып табылады, ғылыми жаңалығы, практикалық нәтижелері бар және PhD диссертацияларына қойылатын барлық талаптарға жауап береді, ал оның авторы **Құрманғажина Мәдина Мұхтарбекқызы** даярлаған диссертациялық жұмыс ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің барлық талаптарына сай келетіндіктен «8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылады.

**Ғылыми кеңесші,  
PhD докторы, қауымдастырылған профессор,  
«Геофизика және сейсмология»  
кафедрасының профессоры**



*К. С. Тогизов*

**К.С. Тогизов**